



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

мақсатында меңгереді, бала оқытуды өмірмен және еңбегімен байланыстырады.

Ынтымақтастық педагогикасы-педагогтың талап ету педагогикасынан қарым-қатынас педагогикасына көшуі. Балаға ізгілік тұрғысынан қарау, оқыту мен тәрбиенің ажырамас бірлігі: тәрбиеші-бала, бала-тәрбиеші, бала-бала, яғни бала да тәрбиеші де субъектілер болып табылады. Сонымен қатар, баланың жеке басына ізгілік қарым-қатынас, бала мен тәрбиеші арасындағы өзара түсінушілік, ынтымақтастық қарым-қатынас жасау.

Бұл технологияның негізгі мақсаты-баланы азамат етіп тәрбиелеу, олардың танымдық күшін қалыптастыру және дамыту, баланың жаны мен жүрегіне жылылық ұялату [3].

Модульдік оқыту технологиясы-оқытудың тұтас технологиясын жобалау, алға қойған мақсатқа жетуді көздейтін педагогикалық процесті ұйымдастыру, тәрбиешіге нәтижені талдап, түсіндіріп бере алатындай жүйені таңдау және құру. Балалармен жүргізілетін жұмыстарда кездесетін қиыншылықтардың алдын-алу және түзету жұмыстарының жүйесін құру.[3]

Қорытындылай келетін болсақ аталған педагогикалық технологиялар мен инновациялық құралдар балабақшада балалардың жас ерекшеліктерін ескеріп, әр сатыға балалардың қабылдау мүмкіндіктеріне сай пайдалануға болады. Мектепке дейінгі балалардың есте сақтау қабілеті әлсіз, қабылдау процестері тұрақсыз келеді. Сондықтан олар затты қолмен ұстап, көзімен көргенді ұнатады. Осыған сәйкес, мектепке дейінгі балалардың оқу іс-әрекеттеріне көрнекілік, ойын технологиясын кеңінен қолданған жөн.

Қолданылған әдебиет

1. «Қазақстан - 2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 2012 жыл
2. Ф.Н.Жұмабекова, А.Ж.Салиева., т.б. «Мектепке дейінгі білім беру мамандарын даярлауда инновациялық технологияларды пайдалану» Дөңгелек үстел материалдар жинағы. Астана. 2013. 200 б.
3. К.Ж.Бұзаубақова. Жаңа педагогикалық технология. Оқулық.Тараз. Тар МУ.2003.

УДК 37.013.42

БОЛАШАҚ МАМАНДЫ ЖЕТІМ БАЛАЛАРМЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН ӘЛЕУМЕТТІК-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТКЕ ДАЙЫНДАУ

Қойшыбайқызы Ақбантик

akbantik@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2-курс магистранты

Ғылыми жетекшісі: Асылбекова М.П.

Болашақ әлеуметтік мамандарды жетім балалармен әлеуметтік-педагогикалық жұмысқа дайындау сұрақтарын қарастыру барысында жалпы кәсіби дайындық мақсаттарын құрастыру және оны жүзеге асырудың негізгі тәсілдерін бөліп көрсету қажет.

Болашақ әлеуметтік мамандардың кәсіби қалыптасуы және оларда білім, шеберлік және икемнің қалыптасу жүйесі көптеген ғалымдармен зерттелді.

Осы орайда, Н.В. Кузьмина «педагогикалық қызмет жалпы адамдық сипатта болады, сондықтан педагогикалық ептілік пен икем, педагогикалық қызмет түрткісі және педагогикалық қабілеттілік, ұстаздың бүкіл тұлғасы тек кәсіби-педагогикалық қызметте ғана емес, жалпы педагогикалық қызметте қалыптасады... Кез-келген педагогикалық оқу орнының мақсаттарының бірі болып барлық болашақ мамандардың педагогикалық бағыттылықтары және педагогикалық қабілеттіліктерін қалыптастыру болып табылады» [1].

А. Абдуллинаның ойы бойынша «педагогикалық қызметке дайындық ерекшелігі студенттің институтты бітіре салысымен тәрбие жүйесінің дербес ұйымдастырушысы

болуында [2].

Болашақ мамандарды дайындаудың практикалық үрдісіндегі ерекше орынды шығармашылық белсенділікті дамыту алады, ол үшін «болашақ мамандардың әрекетін шығармашылық қабілеттілікті дамытудың идеясы негізінде бағдарламалау... әр түрлі деңгей сипатының өзіндік және зерттеу жұмыстарының алуан түрлі формалар жүйесі... болашақ мамандарды педагогикалық қызметке рефлекстік қарым-қатынас қалыптастыратын өзіндік дамуға итермелеу...», деп жазады Т.М. Смирнова[3].

Әлеуметтік педагогиканы «тәрбие орталықтарында және әр түрлі басты функция тәрбие болып табылмайтын мекемелерде барлық жастағы және әр әлеуметтік категориядағы адамдардың әлеуметтік тәрбиесін зерттейтін педагогиканың саласы» ретінде қарастыра отырып, бұл ғылым саласы және тәжірибелік қызмет саласы даму барысында екенін түсінеміз. Әлеуметтік педагогиканың қалыптасуының жалпы теориялық аспектісі Ресейде А.И.Арнольдов, Б.П.Битинас, И.В.Бестужев-Лада, В.Г.Бочарова, Б.З.Вульфов, М.А.Галагузова, М.П.Гурьянова, Л.Г.Гуслякова, В.И.Загвязинский, И.Г. Зайнышев, И.А.Зимняя, Т.В. Лодкина, В.А. Никитин, Л.Е.Никитина, А.В.Мудрик, Р.В.Овчарова, М.И.Рожков, В.Д.Семенов, В.А.Сластенин, Г.Н.Филонов, Е.И.Холостова және т.б. еңбектерінде көрсетілген.

Ресейдегі әлеуметтік жұмыстың қалыптасуының тарихи алғышарттары, қайырымдылық пен рақымшылық әдеттері Л.В. Бадь, Л.И. Демина, В.Н. Егошин, Н.В.Елфимова, И.В.Курукин, А.С.Сорвина, И.В.Фирсов және т.б. еңбектерінде зерттелді.

Қазіргі уақытта әлеуметтік жұмысқа болашақ мамандарды кәсіби дайындау сұрақтары, оны жүзеге асырудың ортақ тәсілдері жиі зерттеушілердің көңілін аудартады. Аймақтарда әлеуметтік педагогика саласындағы көп деңгейлі және үзіліссіз кәсіби білім жүйесі бірте-бірте пайда болып келеді. Әр саладағы әлеуметтік педагогтарды дайындау жүйесі даму барысында болғанменен, онда спецификалық аймақтық құрауыштармен айқындалатын және толықтырылатын негізгі, жалпы мемлекеттік құрауыш анықталады.

Болашақ әлеуметтік педагогтерді жетім балалармен жұмысқа дайындау сұрақтарын қарастырғанда, әлеуметтік педагогтердің жалпы дайындығының күй тұжырымдамасын бөліп көрсету қажет.

Л.Е.Никитинаның әлеуметтік педагогика мен әлеуметтік жұмыс саласында мамандарды кәсіби дайындау негізі болып табылатын кәсіби білімнің замандас батыс-еуропалық және американдық теорияларында [4] (А.Бандура, К.Вадель, Ш.Рамон, Р.Сарри және т.б.) тарихи мұрагерлік, толықтырушы, «дамушы» шығыс парадигмалары бар және олар салыстырмалылық жасалып біту және аяқталушылықпен ерекшеленеді. Оның ойы бойынша, елімізде ««әлеуметтік педагог» кәсіп ғылымы дайындалу барысында, сондықтан әр түрлі кәсіби білім тұжырымдамалары және әлеуметтік педагогтың дамуы көріністік түрде және принципті түрде ғана ажыратылады...».

М.П. Гурьянованың тұжырымы бойынша, әлеуметтік педагогтың кәсіби дайындығымен тұлға ретінде қалыптасуына жүйелік: проблемалық-хабардар, жеке бас-қызметтік және жеке-шығармашылық жолдар бар [5].

Жүйелік тәсіл жағынан қарағанда әлеуметтік және педагогикалық білімнің барлық бөліктері әлеуметтік педагогтың жеке тұлға ретінде дамуын максималды түрде ынталандыру керек, әлеуметтік-педагогикалық икемділікті қалыптастыру керек, кең әлеуметтік білім беру қажет».

Әлеуметтік педагог қызметі мен тұлғасын зерттеудегі функционалдық әдіс В.Г.Бочарова мен В.Г.Афанасьев секілді ғалымдардың бірлескен зерттеулерінің нәтижесінде шықты.

Сонымен қоса мәдениеттанушылық әдісті қолдайтындар қатарына В.Ш.Масленникова жатады [6]. Ол әлеуметтік педагогтерді дайындау мақсаты деп: «тұлғаның қалыптасуы, кәсіби дамуы, кәсіби мәдениеттің деңгейі» ретінде анықталатын кәсіби дайындықтың қалыптасуын айтады.

Мәдениеттанушылық әдіс кезінде адамзаттың әлеуметтік-педагогикалық тәжірибесі,

рухани және өнегелі мәдениет, әлем және отандық мәдениет, шығармашылық пен қарым-қатынас жиынтығы ретінде түсіне отырып, әлеуметтік педагогты мәдениет тасушы, таратушы ретінде қабылдау маңызды.

Қортынды жасай отырып елімізде әлеуметтік педагогтарды дайындау мақсаты жоғары мәдениетті, жалпы кәсіби біліктілік сипаттамаға сәйкес келетін жоғары білімді және аса ізгілікті тұлғаны қалыптастыру болып табылады.

Болашақ мамандарды кәсіби дайындау үрдісі кезінде міндетті түрде мамандандыру облысын таңдау еркі енгізілу керек. М.Ф. Черкасованың диссертациясында мамандандыру облысы «осы мамандықтың негізгі оқу бағдарламасына сәйкес болашақ мамандардың кәсіби қызметіне керекті арнайы білімді, икемді және ептілікті игеру үрдісі» ретінде анықтау. Мамандандыру облысын бөлудің негізі болып әкімшілік, жас аралық, проблемалық және қызметтік әдістер болып табылады.

Бұл мамандандыру облысын бөліп қарастыру негізі болып проблемалары бар жеке халық санаттарымен әлеуметтік-педагогикалық жұмысты қарастыратын проблемалық ықпал болып табылады. Жалпы әлеуметтік-педагогикалық дайындығы бар жетім балалармен жұмыс жасайтын маманға көптеген проблемалар шешу керек. Олар жетім балаларға арналған мекеме шартында әлеуметтік-педагогикалық үрдісті ұйымдастыру ерекшеліктерімен байланысты, сондықтан маманнан ерекше білім, ептілік және икем талап етіледі.

Болашақ мамандарда жетім балалармен жұмыс жасауға деген қызығушылық бар екенін көрсеткен жөн. Әрбір маман өзін әлеуметтік педагог немесе балалар үйінің тәрбиешісі ретінде көргісі келеді.

- «...әлеуметтік қорғалмаған адамдармен жұмыс жасауға деген құлшынысы»;

- «...балалармен ойнағанды ұнатуы, әсіресе оларға көмектескенді ұнатуы, себебі көмек қажет ететін балалар өте көп. Бұзақылыққа жақын балалармен жұмыс жасауы, олармен ортақ тіл табыса алуы».

- «...балаларға деген махаббаты, олармен қарым-қатынаста болуға деген қажеттілігі».

Бірақ болашақ мамандардың түрткілері орнықты емес, сондықтан оларға бағыт беріп, оларды алуан түрлі қызметке тарту қажет.

Сол себепті, бірінші мақсатымыз болашақ мамандарды жетім балалармен ынтымақтастық қалыптастыру керек. Ол үшін келесі міндеттер қойылады:

болашақ мамандардың әлеуметтік-педагогикалық қызметтің кәсіби түрткілері мен құндылықтарын дамыту;

болашақ мамандарды түрлі қызмет түрлеріне қосу: оқу, тәжірибе, еріктік, зерттеу;

тәрбиеленушілермен жақсы қарым-қатынаста болудағы белгілі сапаларды қалыптастыру;

болашақ мамандарда осы жұмыс саласына деген психологиялық дайындықты қалыптастыру;

Болашақ мамандардың жетім балалардың психологиялық ерекшеліктері жайлы, интернат типті мекемелердегі әлеуметтік-педагогикалық жұмыстың қыр-сыры жайлы және жетім балалармен әлеуметтік-педагогикалық жұмыстың заманауи әдістері мен тәсілдері жайлы білімдерін тереңдетуге мақсат қою қажет.

біріншіден болашақ мамандардың білімді дамытудың ерекшеліктері жайлы керекті ақпаратпен қамтамасыз ету керек, кәсіпқойлықтың айқын деңгейі ретінде маманның кәсіпқой стилін анықтау керек.

екінші мақсаты болашақ әлеуметтік педагогтарда осы бағыттағы әлеуметтік-педагогикалық жұмыс бойынша кәсіпқойлық біліктілікті қалыптастыру болып табылады. Ол үшін: болашақ мамандарды жетім балаларға әлеуметтік-педагогикалық көмек көрсетуді ұйымдастырудың заманауи жолдарымен таныстыру;

белгілі бір баламен, балалар тобымен, жанұямен, мамандармен әлеуметтік-педагогикалық жұмыс технологияларын меңгеру;

өз қызметінде әлеуметтік ортаның мүмкіндіктерін қолдану тәсілдерін меңгеру.

Сөйтіп, болашақ мамандарды жетім балалармен әлеуметтік-педагогикалық жұмысқа дайындау үрдісін тиімді ұйымдастыру үшін, жетім-балалармен ынтымақтастық қарым-қатынасты қалыптастыру және әлеуметтік-педагогикалық қызмет бойынша кәсіпқой біліктілікті қалыптастыру қажет.

Болашақ мамандарды дайындау кезінде әлеуметтік педагогтардың кәсіби тәрбиесінің жалпы қағидаттарын ескерген жөн: тұлғаның шығармашылық дамуы; өз-өзін тануы; тәжірибе басымдылығы; оқытушы мен оқушы арасындағы шығармашылық және өзі дамытын тұлға ретінде дамуы; тарихаят қағидасы.

Болашақ мамандардың жетім балалармен жұмысқа қажеттілігі тәжірибелік жұмыс арқасында жетеді. Болашақ мамандардың тәжірибелік қызметін ынталандыру оқу курсының басынан бастап жетім балалармен жұмысқа қызығушылық тудыру үшін ғылыми зерттеулер жасауға шақырады. Жоғарыда айтылған мақсат, міндет және қағидаттарға қол жеткізу болашақ мамандардың кәсіпқой дайындығын анықтайды. Ол дайындық келесі түрде орындалу керек:

- өзіне саяси-әлеуметтік, арнайы-теориялық, психологиялық, әлеуметтік-құқықтық, әдістемелік дайындық қосу;

- пән аралық тәсілге негізделу, яғни әр ғылым саласынан (психология, заңгерлік, әлеуметтік педагогика, әлеуметтік-құқық, педагогика, әлеуметтану) мағлұмат қосу;

- маңызды болу, сонымен қоса әлеуметтік жетімдіктің заманауи жағдайын көрсету ғана емес, осы бағытта мемлекеттің әлеуметтік саяси дамуын да ескеру керек;

- осы бағытта жаңа әлеуметтік-педагогикалық зерттеулермен, бағдарламалармен, жетім балалармен әлеуметтік-педагогикалық жұмысты ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік нұсқаулықтармен өзгертілуі және толықтырылуы керек;

- басқа дайындық пәндерімен сабақтастықты қамтамасыз ету;

- жетім балалармен әлеуметтік – педагогикалық жұмысты орындау кезінде, өзіне теориялық мәліметті және технологияны, методиканы, түрін байланыстыру;

- келесі бөліктердің байланысуынан :«Ата-ананың қамқорынсыз қалған балалардың қалыптасуы», «Жетім балаларды әлеуметтік-құқықтық қорғау»; «Жетім балалармен әлеуметтік-педагогикалық жұмыстық методикасы»; «Денсаулығында кемшілігі бар жетім балалармен коррекциондық жұмыс».

- жоғары оқу орнындағы оқу үдерісінің бүкіл курсы бойынша бөлінеді және оқу пәндері бойынша, тәжірибелік жұмыс, еріктік және зерттеушілік қызмет жүйесі арқылы жүзеге асады.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, дайындаудың негізгі мақсаты-болашақ мамандарды жетім балалармен қарым – қатынас жасауға қалыптастыру және осы сала бойынша әлеуметтік-педагогикалық жұмыстың кәсіби компетенттілікті қалыптастыру. Көрсетілген мақсаттар сәйкес келетін мазмұнды тандап алған кезде жүзеге асуы мүмкін, соның ішіне, әлеуметтік - саяси, арнайы – теориялық, психологиялық, әлеуметтік – құқықтық және методикалық дайындықты, сонымен қоса болашақ мамандардың жоғары оқу орнындағы бүкіл қызмет жүйесін қоса алғанда: оқу, оқу-тәжірибелік, еріктік және зерттеушілік, осының әрқайсысы дайындықтың белгілі бір кезінде басымдылық көрсетеді.

Қолданылған әдебиет

1. Абдуллина О.А. Общепедагогическая подготовка учителя в системе высшего педагогического образования: Для пед. спец. высш. учеб. заведений. 2-е изд., перераб. и доп. М.: Просвещение, 1990. -141 с.
2. Кузьмина Н.В. Очерки психологии труда учителя: Психологическая структура деятельности учителя и формирование его личности. Л.: ЛГУ, 1967. -183 с.
3. Никитина Л.Е. Социальная педагогика: вопросы теории и практики. - Ярославль: ДИА-пресс, 2001. -275 с.
4. Смирнова Т.М. Развитие творческой активности студентов колледжа в процессе педагогической практики: Автореф. дис. ... канд. пед. наук. -Ярославль. 2000. -19с.

5. Выявление и устройство детей, оставшихся без попечения родителей, в 2000 г.М.: МО РФ, 2001. 11 с.
6. Масленникова В.Ш. Теоретические аспекты подготовки социального педагога в системе среднего специального образования. – Казань: КГУ, 1995. 93 с.

УДК 378:37.034

АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Қалжан Нұрсұлтан

orynbasar_sharipova@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі мамандығының 4
курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі-Шарипова О.Б.

Ұрпақ тәрбиесі — келешек қоғам тәрбиесі. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мол, мәдени — ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеу — біздің де қоғам алдындағы басты борышымыз.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев: «...«Рухани құндылық, биік адамгершілік жоқ жерде үлкен өркениет орнату мүмкін емес» -дейді. Осы қасиетті міндеттер мен мақсатты жүзеге асыруда мектептің ондағы мұғалім – тәрбиешілердің атқаратын еңбегі ерекше. Қазір білім беру жүйесінде түбегейлі өзгерістер жүріп жатыр. Әлемдік білім кеңестігіне кіру үшін оның алғы шарттары жасалуда. Білім мазмұнын жаңалау, құзырлылыққа бағытталған, ұлттық құндылықтар негізінде білім, тәрбие бере отырып, тұлға қалыптастыру, дарын көзін ашу сынды келелі мәселелер сөз жоқ, ұстаз-тәрбиеші жұмысын да жаңа арнаға бұруда. Ұлылардың өмірі мен тағылымы арқылы ұрпағын тәрбиелеу - әсіресе қазақ халқында ежелден-ақ келе жатқан үдеріс. Бұл жерде сөз өнерінің атқарған орны ерекше болған. Ұлтымыздың осы бір жақсы әдет-ғұрпы бүгінгі тәрбие үдерісінде, әсіресе жастарды ізгілікке тәрбиелеуде тиімді екені даусыз мәселе.

Адамзат ақыл-ойы, ақындығының ірі тұлғасы Абай тағылымы білімнің де, тәрбиенің де қайнар бұлағы екені түсінікті. Ұлы дананың қай шығармасын алмайық, оның алтын қазығы – Адам. Ол нағыз Адам, Толық Адам қандай болу керек деген сұраққа жауап іздейді, әрі оған жауап береді. Мысалы, «Атымды Адам қойған соң қайтып надан болайын», «Адамды сүй, алланың хикметін сез, не қызық бар өмірде одан басқа» - дейді. «Адамды сүюден басқа қызық жоқ» деген пікірінде қазір көп айтылып жүрген ізгілік педагогикасының ұстанымдары жатыр.

Осы жерде жас ұрпақты тәрбиелеу ісі ең алдымен, оларды адамды сүюге баулудан басталуы керек деген тұжырым шығады. Абай мұрасы, тағылымының өміршеңдігін бүгінгі тәрбие үдерісінің алдында тұрған мақсаттар мен міндеттер арқылы дәлелдеуге болады. Білім мен тәрбиені тұлғаға қарай бағыттап беру мәселесі алдында тұрған кезеңде Абайға бұрыласың. «Толық Адам қандай болу керек?» деген сұрақ ақынға маза бермейді. Мысалы, «Әуелі бір суық мұз – ақыл зерек» өлеңінде: «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, Сонда толық боларсың елден бөлек»- деп, ой тастайды. Ары қарай ақын: Үш – ақ нәрсе адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» деп, толық адамның қасиеттерін санамалап береді.

Ұлы Абай отырып, «Адамзатты сүю – хақтың жолы, ғаділеттің жолы» деген анықтама береді. Ақын адамды әкенің емес, адамның баласы болуға үгіттейді. «Әкенің баласы – адамның дұшпаны, адамның баласы – бауырың» - деп, ғибрат тастайды. Абай адамдықтың басты қасиеті-адамгершілік екенін баса жырлайды. Адамшылықтың алды – «махаббат, ғаделет, сезім» дейді.

Адамшылықтың тәрбие арқылы келетініне көз жеткізеді. Өмірін Абайды зерттеуге арнаған М. Әуезов былай дейді: «Абай сөзінің негізін адамгершілікке тірейді. Барлық өсиет